

ӘОК 615.32:582.998.1

FTAMP 76.31.31

DOI: [10.53065/kaznmu.2026.76.1.005](https://doi.org/10.53065/kaznmu.2026.76.1.005)

Редакцияға түсті: 23.01.2026

Жариялануға қабылданды: 02.03.2026

POLYGONUM ЖӘНЕ ACHILLEA ТУЫСТАРЫНЫҢ ӨСІМДІК ШИКІЗАТТАРЫНЫҢ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ–ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІ МЕН САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Е.М.СҮЛЕЙМЕН¹, К.К. КОЖАНОВА², Г.М. КАДЫРБАЕВА², Ф.Е. КАЮПОВА³,
Ж.Ж. НҰРЫМОВ¹, Б.Г. МАХАТОВА⁴, А.Б. ДЖАЛГАСБАЕВА², Б.Т. ҚЫДЫРБАЙ²,
У.М. ДАТХАЕВ², Г.О. УСТЕНОВА²

¹ «К. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ, Астана, Қазақстан

² С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

³ «Қазақстан–Ресей медициналық университеті» ББМ, Алматы, Қазақстан

⁴ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» КеАҚ, Алматы, Қазақстан

Түйіндеме

Кіріспе. Фармацевтикада биологиялық белсенді заттардың көзі ретінде дәрілік өсімдіктерге басымдық берілуде. DataHorizon Research болжамы бойынша, фитопрепараттардың әлемдік нарығы 2022 жылғы 192,6 млрд доллардан 2032 жылға қарай 357,1 млрд долларға дейін өседі (жылдық өсім 6,5%). Осы зерттеу аясында *Polygonum* туысының үш түрі (*P. acerosum*, *P. argyrocoleon*, *P. aviculare*) мен *Achillea* туысының екі түрінің (*A. salicifolia*, *A. setacea*) фармацевтикалық–технологиялық параметрлері мен сандық көрсеткіштері зерттелді.

Мақсаты. Осы зерттеудің мақсаты – биологиялық белсенді заттарды экстракциялау және фитопрепараттарды әзірлеу үшін *Polygonum* және *Achillea* туыстарына жататын дәрілік өсімдік шикізатының физикалық–химиялық көрсеткіштерін бағалау негізінде олардың фармацевтикалық–технологиялық параметрлерін анықтау.

Материалдар мен әдістер. Фармацевтикалық–технологиялық параметрлерді анықтау бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Шикізат 2024 жылғы маусым–тамызда Шығыс Қазақстанда жиналды. Тығыздық, кеуектілік, бос қабат көлемі, сіңіру коэффициенті (су, 30–90% этанол), ылғалдылық, күл мөлшері және экстрактивті заттардың шығымы анықталды. Барлық өлшеулер үш тәуелсіз серияда жүргізіліп (n=3), нәтижелері $\bar{X} \pm m SD$ ретінде ұсынылды.

Нәтижелер. *Polygonum* түрлерінің ішінде ең жоғары кеуектілік пен бос қабат көлемі *P. aviculare*–де ($0,890 \pm 0,001$ және $0,910 \pm 0,001$) байқалды, ал экстрагентті сіңіру коэффициентінің ең төменгі мәндері *P. acerosum*–да байқалды (су үшін $1,00 \pm 0,01$ мл/г). *A. setacea* 70% этанолмен ($7,54 \pm 0,01$ мл/г) ең жоғары K_n көрсетті. *P. aviculare* үшін экстракциялық заттардың ең жоғары шығымы 30% этанолмен 25,3%, ал *A. salicifolia* үшін сумен экстракцияланған кезде 27,2% болды. Кептіру кезінде салмақ жоғалту 6,01–6,73% аралығында, тұз қышқылында ерімейтін күл – 4,72–8,51% аралығында болды.

Қорытынды. Зерттелген үлгілердің технологиялық параметрлеріндегі түр аралық айырмашылықтар олардың сорбциялық қасиеттері мен экстракция тиімділігіне тікелей әсер етті. *Polygonum* және *Achillea* туыстарының жекелеген өкілдерінде жоғары

кеуектілік пен айқын сорбциялық көрсеткіштер тіркелді. Көптеген түрлер үшін сулы және 30–50% этанол ерітінділері экстрактивті заттардың максималды шығымын қамтамасыз етті. Алынған деректер экстракт құрамын тереңірек зерттеу мен экстракция процесін ұлғайту үшін негіз болады.

Түйінді сөздер: *Polygonum*, *Achillea*, дәрілік өсімдіктер, өсімдік сығындылары, фармакогнозия.

Кіріспе. Фармацевтикалық ғылымда дәрілік өсімдіктерге биологиялық белсенді заттардың көзі ретінде қызығушылық артып келеді. Бұл заттар дәлелденген фармакологиялық әлеуетке ие және клиникалық тәжірибеге енгізу мүмкіндігімен ерекшеленеді. DataHorizon Research мәліметтері бойынша, өсімдік тектес препараттардың әлемдік нарығының көлемі 2022 жылы 192,6 миллиард долларды құрады ал 2032 жылға қарай 357,1 миллиард долларға жетеді деп болжануда, 2023 жылдан 2032 жылға дейін жылдық өсу қарқыны 6,5% құрайды, бұл олардың денсаулық сақтаудағы өсіп келе жатқан маңызын растайды [1]. Қазіргі зерттеулер дәрілік өсімдік шикізаттарын бағалаудың стандартталған фармакопоялық талаптарын, сапаны бақылау әдістерін және біріздендірілген тәсілдерін әзірлеу қажеттігін көрсетеді. Бұған экстемпоральды дәрілік түрлер мен фитопрепараттар да кіреді, олардың құрамы қайталанғыштық, қауіпсіз және регламенттік талаптарға сәйкес болуы тиіс [2–4]. Осы зерттеуде *Polygonum* туысының үш түрі (*P. acerosum*, *P. argyrocoleon*, *P. aviculare*) және *Achillea* туысының екі түрі (*A. salicifolia*, *A. setacea*) қарастырылған. Ал, *P. acerosum*, *P. argyrocoleon*, *A. salicifolia* және *A. setacea* түрлері бойынша қолжетімді ғылыми әдебиеттерде экстракция және дәрілік өсімдік шикізатын өнеркәсіптік өңдеу процестеріне әсер ететін фармацевтикалық–технологиялық сипаттамалар туралы жүйелі деректер жоқ. Сонымен қатар, *Polygonum* және *Achillea* туыстарының өкілдері флавоноидтар, фенолкарбон қышқылдары және басқа да полифенолды қосылыстар сияқты биологиялық белсенді заттардың көзі ретінде қарастырылады, олар айқын фармакологиялық әсерге ие [5–8]. Зерттеулер *Polygonum* туысына жататын қосылыстардың (флавоноидтар, антрахинон туындылары, стильбендер) антиоксиданттық қасиетке ие екенін, ал *Achillea* туысының сығындыларының бактерияға қарсы және қабынуға қарсы әсер көрсететінін дәлелдейді. Бұл олардың әрі қарай зерттелуінің маңыздылығын негіздейді [9–10].

Polygonum (таран) және *Achillea* (мыңжапырақ) туыстары өкілдерінің фармакологиялық әсерінің айқын болуы дәрілік өсімдік шикізатының сапасына және оның заманауи фармакопоялық талаптарға сәйкестігіне тікелей байланысты.

Бастапқы материалдың негізгі фармацевтикалық–технологиялық параметрлері биологиялық белсенді заттардың экстракциялану тиімділігін, алынған сығындылар құрамының тұрақтылығын және технологиялық процестің келесі кезеңдерінің қайталануын анықтайды. Осыған байланысты шикізаттың сорбциялық қасиеттеріне, экстрактивті заттардың шығымына және материалдың технологиялық тұрғыдан жарамдылығына әсер ететін көрсеткіштерді бағалау стандартталған фитопрепараттарды әзірлеудің қажетті кезеңі болып табылады [11].

Фармацевтикалық–технологиялық көрсеткіштерді талдау өсімдік шикізатының түпнұсқалығы мен тазалығын растап, оның биологиялық белсенді заттарды экстракциялауға жарамдылығын бағалайды, сонымен қатар заманауи фармакопоялық және халықаралық талаптарға сәйкес жүргізілетін сапа бақылауы минералды құрамды сипаттайтын кептіру кезіндегі масса жоғалуын, жалпы және хлорсутек қышқылында ерімейтін күлдің үлесін, шикізаттағы ерігіштік қабілет көрсететін экстрактивті

заттардың мөлшерін, экстракция тиімділігіне әсер ететін ұсақталу дәрежесін, сондай-ақ шикізаттың белгіленген нормаларға сәйкестігін айқындайтын қоспалардың болуын қамтиды [12–14].

Жоғарыда аталған көрсеткіштермен қатар, өсімдік шикізатын қайта өңдеудің технологиялық процестерін, әсіресе экстракция процесін оңтайландыруда оның фармацевтикалық–технологиялық сипаттамалары өте маңызды әсер атқарады. Мұндай сипаттамаларға меншікті массасы, кеуектілігі, бос көлемі, сондай-ақ экстрагентті сіңіру коэффициенті жатады. Аталған фармацевтикалық–технологиялық параметрлер құнды компоненттерді бөліп алу процесінің негізгі кинетикалық және термодинамикалық аспектілерінің өзіндік детерминанттары болып табылады. Бұл көрсеткіштер экстрагенттің өсімдік шикізаты бөлшектерімен өзара әрекеттесу дәрежесі мен сипатын анықтайды және экстрагенттің өсімдік материалының құрылымына ену тиімділігін бақылайтын негізгі факторлар ретінде әрекет етеді. Шикізаттың экстрагентпен мұндай әрекеттесу қабілеті нысаналы биологиялық белсенді заттарды бөліп алудың жылдамдығына, толықтығына және бағытына тікелей әсер етеді [15].

Сонымен қатар, аталған параметрлер фитопрепараттарды алу процесінің тұрақтылығы мен технологиялық қайталануын қамтамасыз етеді, сондай-ақ зертханалық жағдайдан өнеркәсіптік өндіріске көшу кезінде дайын өнімнің сапасы мен біртектілігін сақтай отырып, технологиялық сызбаны дұрыс масштабтау үшін қажетті алғы шарттарды анықтайды.

Бұл зерттеудің мақсаты – биологиялық белсенді заттарды экстракциялау және фитопрепараттарды әзірлеу үшін қажетті физикалық–химиялық көрсеткіштерді бағалау негізінде дәрілік өсімдік шикізатының фармацевтикалық–технологиялық параметрлерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу нысандары ретінде *Achillea* L. және *Polygonum* L. туыстарына жататын өсімдіктердің дәрілік өсімдік шикізаты (ДӨШ) – жер үсті бөлігі (шөбі) алынды.

Шикізатты жинау жаппай гүлдеу және белсенді вегетация кезеңінде (2024 ж. маусым–тамыз) Шығыс Қазақстан облысының экологиялық таза аймақтарында жүргізілді.

Жинау орындары: Ұлан ауданы, Таврия ауылы маңындағы аймақтан, 50°10'01" солтүстік ендік, 82°03'23" шығыс бойлық географиялық координаттарынан жиналды.

Идентификация

Өсімдікті идентификациялау Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетіне қарасты «Ботаника және фитоинтродукция институтының» жоғары өсімдіктер флорасы зертханасының бас директоры, б.ғ.д., Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Ситпаева Г.Т. тарапынан идентификацияланды (анықтама № 01–08–107, № 01–08–108, № 01–08–109, № 01–09–114, № 01–09–115). Гербарий үлгілері институттың гербарий қорында № 01–08–107–01–09–115 тіркеу нөмірлерімен сақтауға қойылды, бұл олардың сәйкестендірілуін тексеруге және материалды әрі қарай пайдалануға мүмкіндік береді.

Шикізатты дайындау және стандарттау

ДӨШ бастапқы өңдеуден өсімдік текті шикізатты өсіру, жинау, өңдеу және сақтау жөніндегі тиісті практика қағидаларына (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 15 шешімі, ГАСР) сәйкес өткізілді. Кептіру ауа–көлеңкелі әдіспен 25–30 °С температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40–50% жағдайда, тұрақты массаға дейін (соңғы ылғалдылығы 12%–дан аспайды) жүргізілді.

ДӨШ құрамындағы бөгде қоспаларды анықтау

Бөгде қоспалардың мөлшері ҚР Мемлекеттік Фармакопояның I, 1–т., 2.8.2. монографиясына сәйкес анықталды. ДӨШ көгерумен және қойма зиянкестерімен зақымданбауы тиіс. Шикізат бөгде қоспалар визуалды қарау немесе (бх) үлкейткіш лупа көмегімен тексерілді, шикізат тазартылып, өлшенді және олардың пайыздық мөлшері есептелді.

ДӨШ ұсақталу дәрежесін анықтау

Ұсақталу дәрежесі ҚР МФ I, 1–т. «Дәрілік өсімдік шикізатының ұсақталу дәрежесін анықтау» монографиясына сәйкес жүргізілді.

Кептірілген өсімдік шикізаты механикалық әдіспен МРП–1 типті зертханалық диірменде ұсақталып, кейін саңылауларының диаметрі 1 мм болатын електен өткізілді.

Құрғақ шикізаттың меншікті массасын анықтау әдістемесі

Меншікті масса шикізатты толықтай ұсақтаған кездегі оның массасының өсімдік шикізатының көлеміне қатынасы. 5,0 г шикізат (нақты салмақ) 100 мл сыйымдылықтағы үлестіргіш колбаға салынып, колбаның көлемінің 2/3 бөлігіне тазартылған су P құйылып, ауа шығару мақсатында мезгіл–мезгіл араластыра отырып, қайнаған су моншасында 1,5–2 сағат ұсталды. Содан кейін колба 20 °C–қа дейін салқындап, көлемі белгіге дейін тазартылған сумен P толықтырылды. Колбаның массасы шикізат пен сумен бірге өлшенді. Алдын ала тек тазартылған су құйылған колбаның массасы анықталды. Меншікті масса төмендегі формула бойынша есептелді:

$$d_y = \frac{Pd}{P+G-F} \quad (1)$$

мұндағы,

P – абсолютті құрғақ өсімдік шикізатының массасы (г);

G – тазартылған сумен толтырылған колбаның массасы (г);

F – тазартылған сумен және шикізатпен толтырылған колбаның массасы (г);

d – тазартылған судың тығыздығы (г/см³) ($d=1.5124$, г/см³).

Көлемдік массаны анықтау әдістемесі.

Көлемдік масса белгілі бір ылғалдылықтағы ұсақталмаған шикізаттың толық көлеміне қатынас ретінде анықталады, мұндағы көлемге ауа толтырған қуыстар, жарықтар және капиллярлар кіреді. Ұсақталмаған 10,0 г өсімдік шикізатын көлемі 100 мл өлшегіш цилиндрге салып, 50 мл тазартылған су P құйылды, тездетіп араластырып, шикізаттың алатын көлемі анықталды.

Көлемдік масса келесі формула бойынша есептелді:

$$d_o = \frac{P_o}{V_o} \quad (2)$$

мұндағы,

P_o – белгілі бір ылғалдылық жағдайында өлшенген ұсақталған шикізаттың массасы (г);

V_o – өсімдік шикізаты алатын көлем м (см³)

Шикізаттың сусымалы массасын анықтау әдістемесі (г/см³). Сусымалы масса (d_H) ылғалдылықтағы ұсақталған шикізаттың толық көлеміне қатынас ретінде анықталады, мұндағы көлемге бөлшектердің қуыстары және олардың арасындағы бос орындар кіреді. Өлшегіш цилиндрге ұсақталған шикізат орналастырылып, шикізатты тегістеу үшін аздап

шайқалады, содан кейін шикізаттың алатын толық көлемі анықталады. Осыдан кейін шикізат өлшенді.

Сусымалы масса келесі формула бойынша есептелді:

$$d_H = \frac{P_H}{V_H} \quad (3)$$

Шикізаттың бөлектілігі ($P_{ж}$) шикізат бөлшектерінің ішкі бос кеңістігінің мөлшерін сипаттайды және шикізаттың көлемдік масса мен сусымалы масса тығыздығы арасындағы айырмашылықтың оның көлемдік салмағына қатынасы ретінде анықталды.

Бөлектілік ($P_{ж}$) келесі формула бойынша есептелді:

$$P_c = \frac{d_y - d_o}{d_y} \quad (4)$$

Мұндағы,

d_y – шикізаттың меншікті массасы (г/см³),

d_o – шикізаттың көлемдік массасы (г/см³).

Шикізаттың кеуектілігін анықтау әдістемесі (г/см³). Кеуектілік шикізат бөлшектерінің ішіндегі бос орындардың мөлшерін сипаттайды және меншікті масса (тығыздық) мен көлемдік масса арасындағы айырмашылықтың меншікті массаға қатынасы арқылы анықталады.

Шикізаттың қуыстылығы келесі формула бойынша есептелді:

$$P_{ж} = \frac{d_o - d_H}{d_o} \quad (5)$$

Мұндағы,

d_y – шикізаттың меншікті массасы (г/см³),

d_o – шикізаттың сусымалы массасы (г/см³).

Шикізат қабатының бос көлемін анықтау әдістемесі (г/см³). Шикізат қабатының бірлігіндегі бос орындардың салыстырмалы көлемі және меншікті массасы мен сусымалы масса арасындағы айырмашылықтың меншікті массаға қатынасы ретінде анықталды.

Шикізат қабатының бос көлемін есептеу формуласы төмендегідей:

$$V = \frac{d_y - d_H}{d_y} \quad (6)$$

мұндағы,

d_y – шикізаттың меншікті массасы (г/см³),

d_H – шикізаттың сусымалы массасы (г/см³).

Экстрагентті сіңіру коэффициентін анықтау әдістемесі

5,0 г ұсақталған шикізат, өлшеуіш цилиндрге салынып, экстрагент (су мен этанол) құйылды (этанол 30%, 50%, 70%, 96%). Осылайша, шикізат толығымен жабылып, бірнеше сағатқа қалдырылды. Содан кейін шикізат қағаз сүзгісі арқылы сүзілді. Фильтрат басқа өлшеуіш цилиндрге салынып, оның көлемі бекітілді.

Экстрагенттің сіңіру коэффициенттерін есептеу формуласы:

$$X = \frac{V - V_1}{P} \quad (7)$$

мұндағы

V – шикізатты мл толтыратын экстрагенттің көлемі);

V₁ – экстрагентті шикізатпен (мл) сіңіргеннен кейін қалған экстрагенттің көлемі;

P – ұсақталған шикізаттың массасы (г).

Дәрілік өсімдік шикізатындағы экстрактивтік заттарды анықтау әдістемесі. Шикізаттағы экстрактивтік заттарды анықтау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы бойынша жүргізілді. Шамамен 3 г (нақты салмақ) ұсақталған шикізат, тесігі 1 мм болатын електен өткен, шлифі бар колбаға орналастырылады, оған 50 мл экстрагент қосылады, колба тығынмен жабылып, 0,01 грамм дәлдікпен өлшенеді де, 1 сағатқа қалдырылады. Содан кейін колба кері салқындатқышқа қосылып, аздап қайнауын ұстап отырып, 2 сағат бойы қыздырылады. Колба салқындатылады, тығынмен жабылады, өлшенеді және массадағы жоғалтылған көлем экстракциялық еріткішпен толықтырылады. Колбадағы қоспа мұқият шайқалып, қағаз сүзгі арқылы құрғақ колбаға сүзгіленеді. 25 мл сүзгіленген ерітінді фарфордан жасалған құрғақ және дәл өлшенген ыдыста су моншасында толығымен буландырылады. Құрғақ қалдық құрғатқыш шкафта (102,5 ± 2,5) °C температурада тұрақты массасына дейін кептіріліп, 30 минут бойы эксикаторда салқындатылады да, соңынан өлшенеді.

Экстрактивтік заттардың мөлшері (X) пайызбен, абсолютті құрғақ шикізатқа есептеліп, келесі формула бойынша анықталады:

$$X = \frac{m \times 200 \times 100}{m_1(100 - W)} \quad (8)$$

Кептіру кезінде массаның жоғалуын анықтау әдістемесі

Кептіру кезінде массаның жоғалуын анықтау ҚР МФ I басылымы, 1–том, 2.2.32 фармакопеялық әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Жалпы күл мөлшерін анықтау әдістемесі

Жалпы күл мөлшері ҚР МФ I басылымы, 1–том, 2.4.16 талаптарына сәйкес анықталды.

Хлорсутек қышқылында ерімейтін күлді анықтау әдістемесі

Хлорсутек қышқылында ерімейтін күл – бұл сульфатты немесе жалпы күлді хлорсутек қышқылында еріткеннен кейін алынатын қалдық, ол 100 г шикізатқа шаққанда есептеледі. Анықтау ҚР МФ I басылымы, 1–том, 2.8 фармакопеялық әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Статистикалық өңдеу

Зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңдеуі Windows жүйесіне арналған GraphPad Prism 10.6.1 бағдарламалық пакетінде бір факторлы дисперсиялық талдау (one-way ANOVA) әдісі арқылы жүргізілді. Қосымша есептеулер Microsoft Excel бағдарламасында орындалды. Айырмашылықтар $p < 0,05$ болған жағдайда статистикалық тұрғыдан мәнді деп қабылданды.

Барлық анықтаулар үш тәуелсіз серияда жүргізіліп, әрбір өлшеу үш мәрте қайталанды ($n = 3$). Нәтижелер $X \pm SD$ түрінде ұсынылды. Алынған деректердің вариабельділігінің төмен болуы өсімдік шикізатының жоғары деңгейде гомогенизациялануымен (1 мм стандартталған ұнтақтау) және өлшеулердің тоғыз мәрте

қайталануы кезінде (3 тәуелсіз биологиялық серия, әрқайсысында 3 техникалық қайталау) жоғары дәлдікті аналитикалық жабдықтың қолданылуымен түсіндіріледі.

Нәтижелер. Зерттеу барысында *Polygonum acerosum*, *Polygonum argyrocoleon*, *Achillea salicifolia* және *Achillea setacea* дәрілік өсімдік шикізаттарының негізгі фармацевтика–технологиялық көрсеткіштері зерттелді, олардың үйінді және шынайы тығыздығына, кеуектілігіне, қабаттың бос көлеміне, экстрагентті сіңіру коэффициентіне, экстрактивті заттардың шығымына және қышқылда ерімейтін күл мөлшеріне ерекше назар аударылды.

Алынған мәліметтер бастапқы өсімдік шикізатының сапасына және оның стандартталған экстракттар өндірісі үшін технологиялық тұрғыдан жарамдылығына кешенді баға беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттелген нысандардың көрсеткіштері фармакопоялық өсімдіктермен салыстырылды, бұл зерттеуге алынған шикізаттың қолданыстағы талаптарға сәйкестігін бағалау үшін негіз болады.

Зерттелген объектілердің фармацевтика–технологиялық көрсеткіштері және олардың фармакопоялық түрлерге сәйкестігі 1–кестеде берілген.

Кесте 1. *Polygonum* және *Achillea* кейбір түрлерінің өсімдік шикізатының фармацевтика–технологиялық параметрлері

№	Параметрлер	<i>P. acerosum</i>	<i>P. argyrocoleon</i>	<i>P. aviculare</i>	<i>A. salicifolia</i>	<i>A. setacea</i>
1	Үйінді масса (тығыздық), г/см ³	0,072±0,01	0,070±0,02	0,070±0,02	0,083±0,02	0,080±0,01
2	Меншікті масса (тығыздық), г/см ³	0,183±0,03	0,220±0,03	0,260±0,01	0,200±0,02	0,130±0,03
3	Көлемдік масса, г/см ³	0,093±0,03	0,080±0,02	0,080±0,01	0,100±0,00 1	0,090±0,00 1
4	Кеуектілік	0,506±0,02	0,600±0,03	0,890±0,03	0,500±0,03	0,310±0,01
5	Қуыстылық	0,223±0,03	0,200±0,02	0,130±0,02	0,170±0,02	0,110±0,01
6	Қабаттың бос көлемі	0,613±0,04	0,680±0,04	0,910±0,06	0,590±0,05	0,380±0,02

Зерттелген нысандардың фармацевтика–технологиялық көрсеткіштерін талдау олардың биологиялық белсенді заттарды экстракциялауға технологиялық тұрғыдан жарамдылығын бағалауға және стандартталған процестер үшін оңтайлы түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Кеуектілік, қабаттың бос көлемі, үйінді және меншікті массадағы айырмашылықтар негізінде экстрагентпен барынша тиімді әрекеттесетін нысандарды бөліп көрсетуге болады.

Зерттелген қызыл таспа (*Polygonum*) түрлерінің ішінде технологиялық тұрғыдан ең қолайлысы *P. aviculare* болып табылады, өйткені оның жоғары кеуектілік (0,890) пен қабаттың бос көлемі (0,910) көрсеткіштері экстрагенттің өсімдік ұлпасына қарқынды енуін және тиімді массаалмасуды қамтамасыз етеді. Ал *P. argyrocoleon* және *P. acerosum* түрлерінің құрылымы тығыздау және бос көлемі азырақ болғандықтан, бұл еріткіштің инфильтрациясын баяулатуы мүмкін, алайда оңтайлы экстракция жағдайларында бұл түрлер де өңдеуге жарамды. Барлық үш түрдің үйінді және меншікті массаларының

ұқсастығы, сондай-ақ бөлшектер құрылымындағы айырмашылықтардың кеуектілік есебінен теңестірілуі еріткіштің шикізатпен тиімді жанасуына мүмкіндік береді.

Зерттелген мыңжапырақ түрлерінің ішінде (*A. salicifolia*, *A. setacea*) экстракциялау үшін *A. setacea* түрі неғұрлым оңтайлы фармацевтикалық-технологиялық қасиеттерге ие. Бұл түрдің үйінді тығыздығы (0,080 г/см³), кеуектілігі (0,310) және қабаттың бос көлемі (0,380) төмен, бұл еріткішпен әрекеттесу кезінде экстрагентті ұстап тұру үшін жинақы, бірақ тиімді құрылымды көрсетеді. Ал *A. salicifolia* кеуектілік пен қабаттың бос көлемінің жоғары мәндерімен сипатталады, бұл бөлшектер арасындағы кеңістіктің үлкен болуымен сипатталады және еріткіштің ұсталуын бақылауды қиындатуы мүмкін. Осылайша, *A. setacea* биологиялық белсенді заттарды стандартты сулы және сулы-спиртті экстракциялау үшін неғұрлым қолайлы деп саналады.

Жүргізілген зерттеу аясында экстрагенттің жұтылу коэффициенті (K_n) есептелді. Бұл көрсеткіш дәрілік өсімдік шикізатының үлгі массасының бірлігіне шаққандағы еріткішті ұстап тұру қабілетін көрсетеді және экстракциялау процестерін жоспарлау кезіндегі негізгі параметр болып табылады.

K_n мәндеріне (2-кесте) жасалған талдау шикізат пен экстрагенттің өзара әрекеттесу тиімділігі өсімдік түріне де, еріткіштің табиғатына да айтарлықтай тәуелді екенін көрсетті. *Polygonum* туысының өкілдері арасында ең жоғары K_n мәндері *P. aviculare* түрінде, әсіресе 50%-дық этанолды қолданғанда (3,81 мл/г) байқалды, бұл өз кезегінде материал құрылымының экстрагентті адсорбциялауға бейімділігін және оның жоғары экстракциялық тиімділігін айғақтайды; ал *P. argyrocoleon* орташа көрсеткіштерді, *P. acerosum* болса кеуектілігінің төмендігі мен экстрагентті сіңіру қабілетінің шектеулілігін білдіретін ең төменгі мәндерді көрсетті.

Кесте 2. Экстрагенттің жұтылу коэффициенті (мл/г)

№	Экстрагент	<i>P. acerosum</i>	<i>P. argyrocoleon</i>	<i>P. aviculare</i>	<i>A. salicifolia</i>	<i>A. setacea</i>
1	Су	1,00±0,03	3,60±0,04	3,74±0,01	3,68 ± 0,03	5,51 ± 0,02
2	30% этанол	2,81±0,04	2,70±0,05	3,60±0,03	3,20 ± 0,04	6,02 ± 0,02
3	50% этанол	2,60±0,01	3,21±0,06	3,81±0,02	4,03 ± 0,02	6,93 ± 0,01
4	70% этанол	3,00±0,02	2,80±0,03	3,52±0,04	3,63 ± 0,03	7,54 ± 0,03
5	90% этанол	1,80±0,03	2,07±0,02	3,20±0,02	3,02 ± 0,03	5,75 ± 0,04

Achillea туысының түрлері үшін *A. setacea* еріткішті сорбциялауға ең жоғары қабілет танытып, 70%-дық этанол қолданылғанда максималды K_n көрсеткішіне (7,54 мл/г) жетеді, ал *A. salicifolia* болса біршама төмен көрсеткіштермен сипатталады, бұл әсіресе орташа концентрациялы су-спиртті экстрагенттерді пайдаланған кезде *A. setacea* шикізатынан биологиялық белсенді заттарды экстракциялаудың тиімділігі жоғары екенін көрсетеді. Түрлі еріткіштердің тиімділігін салыстыру зерттелген түрлердің көпшілігі үшін су-спиртті экстрагенттердің (30–70%-дық этанол) оңтайлы екенін айқындады, өйткені бұл шикізаттар ең жоғары сіңіру коэффициенті мен белсенді компоненттердің барынша көп шығымын қамтамасыз етеді; сонымен қатар тазартылған суды немесе жоғары концентрациялы этанолды (90%) пайдалану барлық түрлерде K_n мәнін төмендетеді, бұл еріткіштің жасушааралық кеңістікке ену және өсімдік материалының құрылымында ұсталу қабілетінің шектеулі екендігімен түсіндіріледі.

Осылайша, K_n мәндері зерттелген түрлердің экстракцияға технологиялық тұрғыдан жарамдылығын анықтауға мүмкіндік береді: *P. aviculare* мен *A. setacea* сорбцияның ең

жоғары тиімділігін көрсетеді, бұл өсімдік түрін және экстракция жағдайларын таңдауда маңызды рөл атқарады.

Дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау және қолданыстағы фармакопоялық талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету аясында оның сапасы мен жарамдылығын растайтын сандық көрсеткіштерге мұқият талдау жүргізілді; атап айтқанда, кептіру кезіндегі массаның азаюы және хлорсутек қышқылында ерімейтін күлдің массалық үлесі сияқты маңызды параметрлердің нәтижелері 3-кестеде берілген. Бұл негізгі көрсеткіштерді талдау шикізатқа тән физикалық–химиялық қасиеттерді сипаттап қана қоймай, сонымен қатар дайындау, кептіру немесе сақтау кезеңдеріндегі технологиялық процестердің бұзылуынан туындауы мүмкін ауытқуларды анықтауға және шикізаттың стандартталған фитопрепараттар өндірісіне жарамдылығын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.


Кесте 3. Шикізаттың сандық көрсеткіштері

№	ДӨШ	Кептіргендегі масса шығыны, %	НСІ қышқылында ерімейтін күлдер, %
1	<i>P. acerosum</i>	6,73±0,02	4,96±0,03
2	<i>P. argyrocoleon</i>	6,56±0,01	4,72±0,04
3	<i>P. aviculare</i>	6,73±0,04	7,86±0,05
4	<i>A. salicifolia</i>	6,01 ± 0,03	8,51 ± 0,02
5	<i>A. setacea</i>	6,50 ± 0,02	7,33 ± 0,03

Негізгі физикалық–химиялық көрсеткіштерді талдау зерттелген барлық түрлерде ылғалдылық мөлшерінің тұрақты екенін (6,01–6,73%) көрсетті, бұл материалдың кептірілу деңгейі мен сақталу көрсеткіштерінің ұқсастығын айғақтайды. Сонымен қатар, күл мөлшеріндегі айырмашылықтар минералды құрамы жоғары түрлерді анықтауға мүмкіндік берді: *Achillea* туысының өкілдерінде (*A. salicifolia*, *A. setacea*) бұл көрсеткіштер сәйкесінше 8,51% және 7,33%–ды құраса, *Polygonum* туысының түрлерінде күлділік деңгейі төменірек (4,72–7,86%) екені байқалды.

K_n мәндері мен физикалық–химиялық параметрлер бойынша мәліметтерді салыстыру биологиялық белсенді заттарды экстракциялау үшін түрлерді технологиялық тұрғыдан жарамдылығына қарай реттеуге мүмкіндік береді. Ең қолайлы сипаттамаларды жоғары сорбциялық қабілет пен шикізаттың оңтайлы тұрақтылығын ұштастырған *P. aviculare* және *A. setacea* түрлері көрсетті; ал *P. acerosum*, *P. argyrocoleon* және *A. salicifolia* түрлері орташа көрсеткіштерге ие, бұл белсенді компоненттерді тиімді бөліп алу үшін экстракция жағдайларын неғұрлым мұқият таңдауды талап етеді.

Экстрактивті заттардың шығымы (%) дәрілік өсімдік шикізатының сапасын фармакогностикалық бағалауда қолданылатын ең маңызды және негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіш өсімдік материалының экстрагентпен әрекеттесу кезінде еритін компоненттерді бөліп шығару қабілетін көрсетеді, осылайша биологиялық белсенді заттардың барынша көп мөлшерін алуды қамтамасыз ететін оңтайлы еріткішті ұтымды таңдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, экстрактивті заттардың шығымы фитопрепараттар алудың технологиялық схемаларын әзірлеуде маңызды критерий ретінде алынып, экстракция процесінің тиімділігіне, үнемділігіне және қайталануына әсер етеді; зерттелген үлгілер үшін экстрактивті заттар шығымын анықтау нәтижелері 1-суретте келтірілген, бұл үлгілер арасындағы айырмашылықтарды визуалды бағалауға және шикізаттың технологиялық жарамдылығы туралы тиісті қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.



Сурет 1. Экстрактивті заттардың шығымы

Экстрактивті заттар шығымын талдау экстракция тиімділігінің шикізат түріне және экстрагенттің табиғатына айтарлықтай тәуелді екенін көрсетті: *P. aviculare* 30%-дық этанолды қолданғанда максималды шығым беріп, гидрофильді қосылыстардың жоғары экстракциялану деңгейін көрсетсе, *P. acerosum* үшін сулы және төмен концентрациялы этанол ерітіндісі (~21–22%) оңтайлы болып табылады; ал *P. argyrocoleon* шикізат құрылымының тығыздығына байланысты экстракцияның ең төмен тиімділігімен сипатталады. *Achillea* түрлерінің арасында *A. salicifolia* сулы экстракция кезінде ең жоғары шығымды (~27%) қамтамасыз етсе, *A. setacea* 50–70%-дық этанолда жақсы нәтиже көрсетті, бұл оның еріткішті жинақы құрылымда ұстап тұру қабілетін білдіреді. Жалпы үрдіс көрсеткендей, зерттелген үлгілерден биологиялық белсенді заттарды бөліп алу үшін сулы және төмен концентрациялы этанол ерітінділері (30–50%) ең тиімді болып табылады, ал жоғары концентрациялы спирт ерітінділері (70–90%) экстрактивті компоненттердің шығымын төмендетеді; осы мәліметтер негізінде *P. aviculare* мен *A. salicifolia* стандартты экстракцияға ең қолайлы түрлер деп танылса, *P. argyrocoleon* және *A. setacea* үшін экстракция жағдайларын оңтайландыру қажет.

Талқылау. Жүргізілген зерттеу шикізаттың құрылымдық–механикалық қасиеттері мен экстракция процестерінің тиімділігі арасында елеулі тәуелділіктің бар екенін көрсетті. Анықталғандай, *Polygonum* және *Achillea* туыстарына жататын зерттелген түрлердің технологиялық тұрғыдан жарамдылығын айқындайтын негізгі фактор олардың кеуектілігі мен қабаттың бос көлемі болып табылады. Бұл көрсеткіштер еріткіштің өсімдік тініне терең ену кинетикасына тікелей әсер етеді [16–17].

Кеуектілік пен бос көлемнің жоғары көрсеткіштері, әсіресе *Polygonum* туысының өкілдеріне (атап айтқанда, *P. aviculare*) тән, диффузиялық процестер үшін қолайлы жағдай қалыптастырады. Бұл өсімдіктердің жер үсті бөліктерінде кеуектер жүйесінің

жақсы дамуы экстрагенттің инфльтрациясын жеңілдетеді, бұл аталған параметрлер мен экстрактивті заттардың шығымы арасындағы анықталған корреляциямен расталады.

